

Шығып кеткендердің орнына аудандық мәслихаттың депутаттығына кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 14 ақпандағы N 989 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 23 ақпанда N 5-9-148 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Глубокое ауданы әкімі аппаратының 2011 жылғы 12 мамырдағы № 1730-02-10 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Глубокое ауданы әкімі аппаратының 2011.05.12 № 1730-02-10 хаты).

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі № 2464 Конституциялық заңының 28-бабының 6-тармағын, «Шығып кеткендердің орнына мәслихат депутаттарының сайлауын 2011 жылдың 27 наурызына тағайындау туралы» Шығыс Қазақстан облыстық аймақтық сайлау комиссиясының 2011 жылғы 25 қаңтардағы № 1 шешімін, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабының 2-тармағын басшылыққа алып, кенттер мен ауылдық округ әкімдерінің және тиісті сайлау комиссияларының ұсыныстарын қарап, Глубокое аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығып кеткендердің орнына аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін келесі мекен жайлар белгіленсін:

Глубокое кенті – Степная көшесі № 51 және 53 үйлердің арасында;
Белоусовка кенті - «Аленка» сауда орталығында; Фабричная көш., ЖК «Зарница» асхана ғимаратында;

Предгорное ауылы – Киров көш., 47, байланыс бөлімшесінің ғимаратында;
Шоссейная көш., ЧП Катасонов «Поворот» дүкенінің жанында;

Опытное поле ауылы – Нагорная көш., 3, ВК НИИСХ кеңсесінің фасадында;
Степная көш., 2, Мәдениет үйінің ғимаратында;

Зимовье ауылы – ескерткіш маңында;

Тарханка ауылы – Степная көш., 64, Мәдениет үйі ғимаратында;

Винное ауылы – Ворошилов көш., 15, мектеп ғимаратында;

Ново-Ульбинка ауылы – Абай көш., пошта ғимаратында;

Горная–Ульбинка ауылы – Шоссейная көш., 15, пошта ғимаратында.

2. Кенттер мен ауылдық округтердің әкімдері тиісті сайлау комиссияларымен бірлесіп насихат баспа материалдарын орналастыратын орындарды хабарландыру орналастыратын қабырғалармен, тақтайлармен, тумбалармен ж а б д ы қ т а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы А.А. Баймульдиновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Глубокое ауданының әкімі

В. Кошелев

Келісілген:

*Глубокое ауданының аймақтық
сайлау комиссиясының төрайымы Н. Грохотова*